

2018 жылға Ақтөбе облысында мал шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 19 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 ақпанда № 5888 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 қазандағы № 466 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 24.10.2018 № 466 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14813 тіркелген бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының:

1) 1-қосымшасына сәйкес асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың жеке қосалқы шаруашылықтардың, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге, ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнының 50%-ға дейінгі мөлшерін өтеу, асыл тұқымды марал сатып алу, жылқы етінің, бөдене жұмыртқасының, бие сүтінің, түйе сүтінің, ешкі сүтінің құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормативтері ;

2) 2-қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге, сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малды жыл бойы қорада күтіп-баққан жағдайда азыққа жұмсалған шығындарын 100%-ға дейінгі, ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына арналған шығындар құнын 50%-ға дейін арзандату бойынша тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдері мен талаптары;

3) 3-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2018 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада бекітілген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысы әкімінің
міндетін атқарушы*

М. Абдуллин

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2018 жылғы 18 қаңтардағы
№ 19 қаулысына 1-қосымша

Асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтардың жеке қосалқы шаруашылықтардың, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге, ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнының 50 %-ға дейінгі мөлшерін өтеу, асыл тұқымды марал сатып алу, жылқы етінің, бөдене жұмыртқасының, бие сүтінің, түйе сүтінің, ешкі сүтінің құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормативтері

№	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	1 басқа субсидия нормативі, теңге
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 000
2.	Ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына арналған шығындар құнын арзандату*:	x	x
2.1	өз төлінен өсіріліп отырған бір шаруашылық субъектінде аналық мал басы 2 000 бастан кем емес, етті бағыттағы шетел селекциясындағы асыл тұқымды мүйізді ірі қараның аналық мал басы	бас	46 000

2.2	қуаттылығы бір мезгілде 3000 бастан асатын мүйізді ірі қара мал бордақылау алаңдары	бас	49 000
2.3	орташа жылдық сауымы 7000 литрден жоғары сүтті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қараның аналық мал басы	бас	132 000
2.4	орташа жылдық сауымы 4000 литрден жоғары сүтті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қараның аналық мал басы	бас	25 000
3.	Бөдене жұмыртқаларын өндіру құнын арзандату	дана	3
4.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	60
5.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	килограмм	92
6.	Түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	55
7.	Ешкі сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	60
8.	Асыл тұқымды марал сатып алу	бас	60 000

* Ескерту: субсидия бөлу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14813 тіркелген) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігіні және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларымен анықталған бағыттардың басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2018 жылғы 18 қаңтардағы
№ 19 қаулысына 2-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге, сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малды жыл бойы қорада күтіп-баққан жағдайда азыққа жұмсалған шығындарын 100%-ға дейінгі, ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына арналған шығындар құнын 50%-ға дейін арзандату бойынша тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдері мен талаптары

№	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшемдер және талаптар
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	1. Зоотехникалық және ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкес келетін және жарақталған қолдан ұрықтандыру пунктерінің болуы; 2. Арнайы дайындық курстардан өткен, асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің тізілімінде тіркелген техник-ұрықтандырушылардың болуы.
		1. Етті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қара малының аналығы үшін: мүйізді ірі қара аналық мал басының ақпараттық сараптамалық жүйесі және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасында тіркеуде болуы. 2. Қуаттылығы бір мезгілде 3 000 бастан асатын мал бордақылау алаңдары үшін: мүйізді ірі қара малдары ауыл шаруашылығы малдарын

<p>2. Ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына арналған шығындар құнын арзандату</p>	<p>бірдейлендіру базасында тіркелінуі (ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіру базасынан алынған үзіндімен расталады).</p> <p>3. Орташа жылдық сүт көлемі 7 000 кг асатын сүтті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қара малының а н а л ы ғ ы ү ш і н : өткен жылдың статистикалық жылдық есебі бойынша бір сиырдан сауылған орташа жылдық сүт көлемі 7 000 кг кем болмауы тиіс.</p> <p>4. Орташа жылдық сүт көлемі 4 000 кг асатын сүтті бағыттағы асыл тұқымды мүйізді ірі қара малының а н а л ы ғ ы ү ш і н : өткен жылдың статистикалық жылдық есебі бойынша бір сиырдан сауылған орташа жылдық сүт көлемі 4 000 кг кем болмауы тиіс.</p>
--	--

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2018 жылғы 18 қаңтардағы
№ 19 қаулысына 3-қосымша

Ақтөбе облысы бойынша 2018 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. 3 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы әкімдігінің 20.04.2018 № 185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Етті мал шаруашылығы					
1. Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу					
1.1 Тауарлы аналық бас					
1) Базалық норматив		бас	10 000	70 000	700 000,0
2) Қосымша норматив:					
80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы		бас	8 000	5 000	40 000,0
60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы		бас	6 000	1 500	9 000,0
1.2 Асыл тұқымды аналық бас					
1) Базалық норматив		бас	10 000	17 000	170 000,0
2) Қосымша норматив:					
2.1 80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы		бас	20 000	1 500	30 000,0

2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	6 300	945 000,0
3.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату:				
1)	400 ден 450 кг дейін	бас	45 000	10 000	450 000,0
2)	451 ден 500 кг дейін	бас	60 000	1 500	90 000,0
3)	501 ден 550 кг дейін	бас	65 000	1 000	65 000,0
4)	551 ден 600 кг дейін және одан жоғары	бас	75 000	2 000	150 000,0
5)	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды боржақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	2 500	50 000,0
Барлық сомасы					2 699 000,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	3 500	35 000,0
2)	Қосымша норматив				
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	500	10 000,0
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	110	1 650,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	Отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	400	68 000,0
2)	Импорнтталған асыл тұқымды ірі қара мал				
	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	150 000	190	28 500,0
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:				
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	25	7 390 000	184 750,0
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	15	1 600 000	24 000,0
3)	Ауыл шаруашылығы кооперативтері	килограмм	10	700 000	7 000,0
	Барлық сомасы				358 900,0
Мал шаруашылығы					
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5000	5 858	29 290,0
2.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	2 500	250 000,0
Барлық сомасы					279 290,0
Етті құс шаруашылығы					
1.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату				
1)	1000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	50	2 200 000	110 000,0
Барлық сомасы					110 000,0

Жұмыртқалы құс шаруашылығы

1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату					
1)	100 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,5	135 000 000	337 500,0	
2.	Бөдене жұмыртқаларын өндіру құнын арзандату		дана	3	1 500 000	4 500,0
Барлық сомасы					342 000,0	
Шошқа шаруашылығы						
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату					
1)	Нақты бордақыланғаны 3000 бастан бастап	килограмм	100	6 500 000	650 000,0	
Барлық сомасы					650 000,0	
Қой шаруашылығы						
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1)	Асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	40 000	100 000,0	
2)	Тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	75 000	112 500,0	
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу					
1)	Тұсақтар	бас	8 000	8 000	64 000,0	
2)	Тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	6 400	128 000,0	
3.	Қозы етін өндіру құнын арзандату		бас	1 500	3 500	5 250,0
4	Қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату					
1).	Сапасы 50-ден басталатын жүн	Кило-грамм	100	18 000	1 800,0	
Барлық сомасы					411 550,0	
Жылқы шаруашылығы						
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	200	20 000,0	
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	500	20 000,0	
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	60	250 000	15 000,0	
4.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату		килограмм	92	100 000	9 200,0
Барлық сомасы					64 200,0	
Түйе шаруашылығы						
1.	Түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	55	6 300	346,5	
Барлық сомасы					346,5	
Ешкі шаруашылығы						
1.	Ешкі сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	60	4 500	270,0	
Барлық сомасы					270,0	
Азық өндіру						
1.	Ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына арналған шығындар құнын арзандату	бас			771 063,5	
Барлық сомасы					771 063,5	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК